ДӘРІС САБАҒЫ.

# КӘСІПКЕРЛІК ТӘУЕКЕЛДЕР

Андабаева Гульмира Кенжегалиевна




”

Дәріс сабағының сұрақтары

# 1 ТӘУЕКЕЛ ТҮСІНІГІ МЕН ТҮРЛЕРІ

# 2 КӘСІПКЕРЛІК ТӘУЕКЕЛДІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

# 1 Тәуекел түсінігі мен түрлері

**Кәсіпкерлік қызмет тәуекелсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес.**

**Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелге барады және қабылданатын басқару шешімдерінің салдары үшін жауап береді.**

**Тәуекел – жоспарланған табыс көлемін ала алмау, зияндар мен жоғалтулардың туындау ықтималдылығы.**



**Кәсіпкерлік тәуекел деп белгіленген ісшаралар іске аспаған, сондай-ақ, басқару шешімдерін қабылдау кезінде қателіктер жіберілген жағдайдакәсіпкердің зиян шегу ықтималдылығын айтамыз.**



# Тәуекел– таңдау жасау кезінде айқынсыздықты болдырмаумен байланысты қызмет

# ТӘУЕКЕЛ ТҮСІНІГІНДЕ МЫНАДАЙ ЭЛИМЕНТТЕРДІ БӨЛІП КӨРСЕТУГЕ БОЛАДЫ:

1. Анықталған мақсаттардан ауытқу мүмкіндігі
2. Қалаған нәтижелерге жету ықтималдығы
3. Алға қойылған мақсатқа жетуде сенімділіктің болмауы
4. Айқынсыздық жағдайында таңдалған баламаларды жүзеге асырумен байланысты материялдық және басқа да жоғалтулардың туындау мүмкіндігі

# Айқынсыздық жағдайының туындау себептерін үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Білместік – бұл сыртқы кәсіпкерлік орта туралы білімдердің жеткіліксіздігі

2. Кездейсоқтық – болашақтағы оқиғаны болжаудың өте күрделі екендігімен байланысты анықталады

3. Қарсы әрекет деп сол немесе өзге оқиғалардың кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін қиындатқан кездегі жағдайды айтамыз

Тәуекелдерді жіктеу қандай да бір белгілер негізінде оның көптеген түрлерін жүйелеуді білдіреді. Тәуекелдің әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі



# ТӘУЕКЕЛ ТҮРЛЕРІ

| ТӘУЕКЕЛДІҢ ТУЫНДАУ СИПАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ | ТӘУЕКЕЛДІҢ ПАЙДА БОЛУ СФЕРАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ | ТӘУЕКЕЛДІҢ ТАРАЛУ ДӘРЕЖЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ | ТӘУЕКЕЛДІ САҚТАНДЫРУ МҮМКІНДІГІ БОЙЫНША |
|---|---|---|---|
| •субъективті;<br>•объективті | •ішкі;<br>•сыртқы. | •жергілікті;<br>•жаһандық;<br>•аймақтық;<br>•халықаралық. | •сақтандырылатын;<br>•сақтандырылмайтын |

# ТӘУЕКЕЛ ТҮРЛЕРІ

**КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША**

·өндірістік;
·коммерциялық
·қаржылық.

**УАҚЫТ МЕРЗІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ**

·қысқа мерзімді;
·ұзақ мерзімді (тұрақты).

**ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ СИПАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ**

·іскерлік;
·операциялық;
·нарықтық.

**ТӘУЕКЕЛДІҢ ПАЙДА БОЛУ ФАКТОРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ**

·саяси;
·экономикалық


Шағын бизнестегі тәуекелдер
Таза тәуекел
Егер олардың нәтижелері жоғалтулар болса немесе пайда табу мүмкіндігі де жоқ болса
Алыпсатарлық тәуекел
Кәсіпкер ұтпайды да, ұтылмайды да
Фундаменталды тәуекел
Егер тәуекел барлық компанияларға бірдей әсер етсе және даралық сипатта болмаса

# 2 Кәсіпкерлік тәуекелді бағалау әдістері

Тәуекелді бағалау - туындаған тәуекелді жағдайдан немесе тәуекелді болдырмау бойынша шаралардың өз уақытында қабылданбауынан болатын белгілі бір зиянның мөлшерін немесе қосымша табыс табу мүмкіншілігін болжауға мүмкіндік беретін аналитикалық іс-шаралар жиынтығы

**тәуекелді бағалау тәуекел мөлшерін (дәрежесін) сандық және сапалық тәсілмен анықтауды білдіреді.**

# Тәуекелді сандық және сапалық талдау кезінде түрлі әдістер қолданылады

СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІС

САРАПТАМАЛЫ (ЭКСПЕРТТІК) БАҒАЛАУ ӘДІСІ

ТАЛДЫМАЛЫҚ (АНАЛИТИКАЛЫК ) ӘДІС

# Кәсіпкерлік субъектісінде бар ақпараттардың толықтығына байланысты келесі шарттарды ескере отырып тәуекелді бағалау әдістерін үш топқа біріктіруге болады

## АЙҚЫНДЫЛЫҚ

тәуекелді жағдай туралы ақпарат толықтай жеткілікті болған кезде, мысалы бухгалтерлік баланс,табыстар мен шығыстар туралы есеп т.б

## ІШІНАРА АЙҚЫНСЫЗДЫҚ

тәуекелді жағдай туралы ақпарат тәуекелді оқиғалардың көріну жиілігі түрінде болған кезде

## ТОЛЫҚТАЙ АЙҚЫНСЫЗДЫҚ

тәуекелді жағдай туралы ақпарат толығымен жоқ, бірақ айқынсыздықты ішінара жою үшін мамандар мен сарапшыларды тарту мүмкіндігі бар болған кезде.



Тәуекелді бағалау әдістері
Айқындылық
Ішінара айқынсыздық
Толықтай айқынсыздық
Аналитикалық
Статистикалық
Сараптамалық әдіс
Абсолютті көрсеткіштер
Салыстырмалы көрсеткіштер
Орташа мән көрсеткіштер
Вариация
Дисперсия
Стандартты ауытқу

# Кәсіпкерлік тәуекелді төмендету тәсілдері

- Тәуекелден сақтану тәсілдері ;
- Әртаратандыру тәсілі;
- Тәуекелдерді бөлу тәсілі;

Жобаны оңтайландыру тәсілдері (резевтер жүйесін орнату, шығындарды лимиттеу);

- Тәуекелдерді орнықтыру тәсілі (венчурлік кәсіпорындарды құру);
- Тәуекелдерді басқару үдерісінің жоғары дәрежеде ақпаратпен қамтамасыз етілуі

# Кәсіпкерлік тәуекелді төмендету жолдары

- Лимиттеу ;
- Әртаратандыру;
- Хеджерлеу;
- Сақтандыру;
- Өзін-өзі сақтандыру;
- Тәуекелдерді трансферттеу

# Тәуекелді басқару кезеңдері



# Тәуекелді басқару әдістері

- Тәуекелден бас тарту
- Шығынды азайту
- Залал мөлшерін азайту
- Тәуекелді түрлеріне қарай бөлу
- Тәуекел аутсорсингі

# Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында тәуекелді міндетті түрде ескеруіміз керек

- экономикалық қызметпен байланысты тәуекел;
- кәсіпкердің жеке басымен байланысты тәуекел;
- сыртқы ортаның жағдайы туралы ақпараттың болмауына байланысты тәуекел.

## Қайталау сұрақтары

1. Қаржы тәуекелі дегеніміз не?
2. Тәуекелді төмендетудің қандай тәсілдері бар?
3. Тәуекелді талдау және оның негізгі қағидалары?
4. Тәуекелді бағалаудың статистикалық тәсілі.
5. Тәуекелді бағалаудың экономика-математикалық тәсілі.
6. Тәуекелді бағалаудың аналитикалық тәсілі.
7. Диверсификация - кәсіпкерлік тәуекелді басқару тәсілі ретінде.
8. Сақтандыру - кәсіпкерлік тәуекелді басқару тәсілі ретінде.

1. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 480 бет
2. А.М. Есиркепова / Кәсіпкерлік: Оқу құралы. – Қарағанды: «Ақнұр баспасы». – 2017. – 268 бет.
3. А.Н. Токсанова Основы предпринимательской деятельности. – Астана, 2007. – 480 с.
4. А. А. Нұрғалиева, Б. С. Корабаев Кәсіпкерлік. оқу құралы / Алматы : Экономика, 2016. - 275, [1] б.